

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына, «АМАНАТ»
партиясы депутаттар
Фракциясының мүшелеріне

2022 жылғы 27 сәуірдегі
№ ДС-150

Құрметті депутаттар!

«Көне Тараз» музейінің (бұдан әрі – музей) келешегіне қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Музей Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы аясында 2015 жылғы қазанда ашылған, алайда құрылыс кезінде жіберілген кемшіліктердің салдарынан жұмысын жалғастырмады.

Жамбыл облысы әкімдігінің ақпаратына сәйкес музейдің құрылысына жергілікті бюджеттен 950 млн теңге қаражат жұмсалған. Жобаның мердігері болып 2015 жылғы сәуірде алдымен «UDC Corporation» ЖШС-і анықталды, кейін құрылысты «Тараз Құрылыс Инвест» ЖШС-і жалғастырған.

Әкімдіктің мәліметінше 2010 – 2018 жылдары жұмыс жасаған жергілікті құрылыс басқармасының басшылары лауазымдарынан босатылғандықтан, құрылыстың сапасыздығына кінәлі лауазымды тұлғаларды жазалау мүмкін болмай отыр.

Сауалда көтерілген мәселелерді шешу жолдарын пысықтау мақсатында алдағы уақытта Үкімет деңгейінде Жамбыл облысының әкімдігі мен Мәдениет және спорт министрлігінің қатысуымен жиналыс өткізу жоспарланып отыр. Сіздерді осы жиналысқа қатысуға шақырамыз. Жиналыстың өтетін уақыты мен орны қосымша хабарланады.

Әкімдік ұсынған жауаптың көшірмесі қоса беріліп отыр.

Қосымша: 1 п.

Е. Тоғжанов

Орынд.: Ә. Тұрғанбаев, 745674

**ЖАМБЫЛ
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІ**



**АКИМ
ЖАМБЫЛСКОЙ
ОБЛАСТИ**

080008, Таразқаласы, Абай даңғылы, 125 үй
тел: 8 (7262) 43-25-18, факс: 45-46-28
e-mail: obl.kense@zhambyl.gov.kz

080008, город Тараз, проспект Абая, дом 125
тел: 8 (7262) 43-25-18, факс: 45-46-28
e-mail: obl.kense@zhambyl.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Е.Л.Тоғжановқа**

*2022 жылғы 11 мамырдағы
№ 21-14/2476 дз хатқа*

Жамбыл облысының әкімдігі Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаттық сауалына сәйкес келесіні мәлімдейді.

Таразқаласындағы «Көне Тараз» мұражайының құрылысын салуға жалпы құны **950 208 000** теңгеге 2015 жылғы 21 сәуірде №02-02-с келісім-шарт жасалған.

Нысанның құрылыс-монтаждау жұмыстарын бас мердігер «UDC Corporation» ЖШС жүргізген. Кейіннен келісім-шарттың бұзылуына байланысты (*жұмыстарды сапасыз орындағандықтан келісім-шарт сот шешімімен бұзылған*) мемлекеттік сатып алу рәсімдері қайта өткізіліп, мердігер ретінде «Тараз Құрылыс Инвест» ЖШС анықталған.

Бүгінгі таңда «Көне Тараз» мұражайындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында тиісті мамандармен жұмысшы тобы құрылып, зерделеу жұмыстары жүргізілуде.

Жауапкершілікке тарту бойынша 7.10.2010 - 3.08.2016 жылдар аралығында басқарма басшысы Байтелиев Рахманқұл Тұрсынқұлұлы мен 31.12.2010 – 29.08.2016 жылға дейін басшының орынбасары және 29.08.2016 - 12.10.2018 жылдар аралығында басқарма басшысы лауазымын атқарған Ахатаев Әділет Бегалаұлының жұмыстан босатылуына байланысты шара қолдану мүмкіндігі болмауда (*көшірме тіркеледі*).

Қосымша: ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің жауап хаттары және бұйрық көшірмелері тіркеледі.

Н.Нүржігітов

Е.Орумбаев, 8(7262) 43-33-33.